

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

**Жазушылардың әдеби шеберлік мектебінің
тыңдаушыларына арналған бағдарлама бойынша
шығармашылық тапсырманы орындауға
қажетті әдістемелік дәріс**


Алматы, 23.08.2024



Жанғара Дәдебаев

АБАЙ ІЛІМІ

Оқу құралы



Абай институтының
еңбектері
19-кітап

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5Қаз)

А 13

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған
және баспаға ұсынылған*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), С. Ашимханова, К. Әбдезұлы, Ө. Әбдиманұлы,
З. Бисенғали, Т. Есембеков, Б. Жакып, А. Жаксылыков,
Б. Жолдасбекова, Қ. Мәдібаева, З. Сейітжанов,
Ө. Тарақ, А. Темірболат, Д. Ысқақұлы

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Г. Пірәлі*

Жауапты редакторы

филология ғылымдарының докторы, профессор *Д. Ысқақұлы*

Дәдебаев Ж.

А 13 Абай ілімі: оқу құралы / Жауапты редакторы. Д. Ысқақұлы;
басп. дайын. Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы.
— Алматы: Қазақ университеті, 2023. — 268 б.

ISBN 978-601-04-6142-0

«Абай ілімі. Оқу құралы» жоғары білім беру бағдарламаларының бірінші циклі бойынша оқылатын «Абай ілімі» пәнін таңдаған студент жастарға арналған. Онда Абай ілімінің жалпы мәселелері, Абай ілімінің концепциялары, Абай ілімінің құрамдас бөлімдері, Абай ілімінің негіздері, Абай ілімінің басты категориялары бойынша жаңа білім көрініс тапқан.

Оқу құралы жоғары оқу орындарында білім алушыларға, жас ғалымдарға, жоғары мектеп оқытушылары мен ғылыми қызметкерлерге, сондай-ақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне пайдалы болмақ.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-04-6142-0

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2023
© «Қазақ университеті» баспасы, 2023

КЕЛІСІМ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Абай ілімі өзегіндегі концепциялардың бірі – келісім концепциясы. Келісім концепциясы атауы құлаққа тосын естілуі ғажап емес. Келісім сөзінің мағынасы қазақ тілінде көбіне тараптар арасындағы бірлескен әрекет бойынша өзара келісілген шарттар, талаптар, міндеттер деген сияқты ұғымда қолданылады. Абайдың келісім концепциясы – сөз өнерінің табиғатына тән келісім туралы концепция.

Келісім концепциясы атауындағы келісім сөзінің мағынасы Абайдың өз сөзінде қандай мәнде қолданылса, сол мәнде алынды. Абай «Адамның кейбір кездері» өлеңінде:

Сылдырлап өңкей келісім
Тас бұлақтың суындай [1, 256], –

дейді емес пе.

Академик-жазушы Зейнолла Қабдол Абайдың осы сөзі туралы мынадай сырлы пікір айтты: «Абайдың осы сөзінде аса терең мағына жатыр. Шын мәніндегі өнер туындысының айрықша асыл қасиетін, сыртқы түрі мен ішкі сырының тамаша үндестігін осыдан артық дәл тауып айту қиын. Әдебиеттегі мазмұн мен пішіннің бірлігі дегеннің өзі де осы – көркем шығарманың шынайы сұлулығы, яки «тас бұлақтың суындай сылдырлаған өңкей келісімі» [2, 154]. Бұл пікірдің теориялық тереңіне бойлау бүгінгі күнде де оңай емес.

Абай ойын әрі қарай жалғастырып:

Қуатты ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз [1, 256].

Өлең деген – әр сөздің ұнасымы,
Сөз қосарлық орайлы жарасымы.
Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы? [1, 94], –



дейді, өлең өнері, акындық өнері жайындағы қағидаларын тереңдете түседі.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңінде акын поэзия туралы қағидаларын саралап ұсынады:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы [1, 89].

Өлеңнің бірінші, үшінші, төртінші тармақтары өлең туралы, екінші тармақта өлеңді қиыннан қиыстырар ер данасы ерекшеленеді. Қиыннан қиыстырар ер данасы – өлеңнің шығарушысы, акын. Бірінші төрт тармақта акын сөздің патшасы, сөздің сарасы деп аса ардақтап отырған өлең табиғаты мен өлеңді шығарушы ер данасы – акынның тұлғасы басты суреттеу нысаны. Осы тақырып өлеңнің кейінгі шумақтарында әр қырынан суреттеліп, құбылыстың мәні терең ашылады. Өлең және акын тақырыбын әр қырынан саралап келіп, акын өлеңді және акынды тыңдаушы тұлғасына назар аударады. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел», – деп, тыңдаушы болмысын сыншыл талап тұрғысынан көрсетеді.

Акын келісім ұғымын байытып, оның мағыналық кеңістігін ұнасым, жарасым ұғымдарымен кеңейтеді.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – акынның білімсіз бишарасы [1, 89], –

дегенде, өлеңнің келісімінің, ұнасымының, жарасымының тағы бір шарты ұсынылады. Ол – өлеңдегі сөз арасының тазалығы, бөтен сөзбен былғанбауы.

Абайдың келісім концепциясындағы өлең сөз, қызыл тіл сипаттары

Өлең сөз, қызыл тіл сипаттары	Өлең сөздің, қызыл тілдің қуат-күші
1	2
* сөзі тәтті	* алыстан сермейді
* мағынасы түзу	* жүректен тербейді



1	2
* уәзінге өлшеп тізілген;	* шымырлап бойға жайылады
* қисынымен қызықты	* киуадан шабады
* еркеленіп шығады	* қисынын табады
* тілге жеңіл	* тағыны жетіп қайырады
* жүрекке жылы	* қуатты ойдан бас құрайды
* айналасы теп-тегіс жұмыр	* жүректі тербейді
* ұнасымды	* сананы оятады
* жарасымды	* көңілді уатады
* іші – алтын	* туғанда дүние есігін ашады
* сырты – күміс	* өлгенде жер қойнына шығарып салады

Абайдың көркемдік әлемін тануға көмекші құрал болатын поэтикалық ұғымдардың бірін ақынның өзі сөз арасы деп атайды. Өлең сөз туралы ұғымдар мен түсініктердің тұтас бір жүйесін ұсынып отырып, Абай сөз арасы туралы қағидасын негіздейді. Ақын сөз сарасы туралы қағидаларын өзіне дейінгі және өзінің тұсындағы сара ойларға, танымдық қордағы пікірлер мен тұжырымдарға сүйеніп ұсынатынға ұқсайды. Алайда осы ойлар мен тұжырымдар ақынның өз шығармашылық ойлау өрісінде сараланып, сарапталып, ақындық танымында балқып жаңа қалыпқа түскен, жаңа мәнге иеленген, сөйтіп, автордың «самородный сары алтындай» сындарлы сырына, сыралғы сынына айналған қағидалар жүйесі болып түзіледі. Бұл жүйедегі қағидалар, ол қағидалардың өзегіндегі сөз сипаттары, сөздің қуат-күші, сөз иесінің сипаттары, тыңдаушы тұлғасының қырлары түгелдей ақынның өз өнеріне, өз шығармашылығына, өз өлеңіне, өз тыңдаушыларына қатысымен ерекшеленеді.

Абайдың келісім концепциясындағы айтушы мен тыңдаушы сипаттары

Сөз иесінің сипаттары	Тыңдаушы тұлғасының сипаттары
1	2
* өнер шашпак	* бір парасы сөз танымас
* наданның көңілін ашпак	* көбі надан



1	2
* жастарға үлгі бермек	* қарыны тоқ, қас надан ұқпас сөзді
* сөз жақсысын келістірмек	* сөзді ұғар көкірегі болса көзді
* сөз арасын таза сақтамақ	* көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ
* қиыннан қиыстырмақ	* ақыл сөзге ынтасыз
* артына өлмейтұғын сөз қалдырмақ	* түгел сөзді тыңдауға жоқ
* көрген-білгенін әділет пен ақылға сынатпақ	* ұғымсыз
* өзіне, өзінің ақылы мен еңбегіне сенбек	* көкірегінде оты бар
* терен ойдың телміріп соңына ермек	* ойлы
* шын көңілмен сүймек	* көңілінің көзі ашық, сергек
* ақылға ермек, бойды жеңбек	* тілі орамды

Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Өзгеге, көңілім, тоярсың», «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», «Адамның кейбір кездері», «Құлақтан кіріп, бойды алар», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» және басқа бірталай өлеңдері сөз өнері, өнер туындысы, өнерпаз табиғаты, тыңдаушы тұлғасы, өлең сөз туралы поэтикалық трактат іспетті. Ақынның өзінің сөзі, өлең сөзі, шығармашылық еңбегі туралы тұтас өлең мәтіні көлемінде, тармақ, сөз тіркесі, пікір түрінде айтқан ойлары тұтаса келіп, ерекше бір көркемдік әлем кеңістігін, мәтін ішіндегі мәтін жүйесін түзеді. Оның мәнісі толығымен өнер табиғаты, өнерпаз болмысы, өлең өнері, ақындық өнер, ақын және оның тыңдаушысы туралы. Ақынның өлең сөз, өнер, тіл өнері, ақындық өнер, ақын және оның тыңдаушысы туралы ойлары мен пайымдаулары, тұжырымдары жалпы сипатты бола тұра, олардың тереңінде ақынның өз өнеріне деген қатысы, эстетикалық талабы, шығармашылық тұрғысы метафоралық қатынаста көрініс тапқан. Сондықтан осы аталған және басқа осындай өлеңдердің мәтінін метапоэтикалық мәтін деп қабылдаймыз.

Ақын өлең сөз, тіл өнері, өлеңнің өмірге келуі, өлеңнің сөз патшасына айналуының сыры мен сыны, ақын және оның



тыңдаушысы туралы тұжырымды ойларын, қағидаларын өзінен тыс тұрған құбылыстар негізінде ғана емес, өзінің ақындық ойлауы, шығармашылық еңбегі, көркемдік танымы мен талғамы негізінде айтады. Жалпы шығармашылық немесе шығармашылық еңбектің жалпы жайлары, жекелеген ақындық тұлғалардың өнер өрнектері жайында толғаған ойларында өзінің көркемдік-эстетикалық ұстанымдарына, қалыптастырған үлгісіне сүйенеді. Өлең сөздің, тіл өнерінің болмысы, бітімі туралы пікір айта отырып, өз өнерін, өз өнерінің табиғатын, өзінің ақындық ойлау даралығын танытады. Ақын және тыңдаушы туралы өз ұғымын, өз талаптарын білдіреді.

Ақынның өз өнері, өзінің шығармашылық еңбегінің кезеңдері мен ерекшеліктері, ақындық ойлау табиғаты, көркемдік шешім жасау жолындағы ізденістері мен таңдаулары туралы өзге емес, өзінің білгені, өзінің сезгені, өзінің түйген ойы мен жасаған тұжырымы, ұстанымдары – қазақ метапоэтикасының тарихы мен теориясы бағытындағы ғылыми ізденістер үшін аса маңызды, құнды қазына. Ақынның өлең сөз, ақындық өнер, ақын және оның тыңдаушысы туралы тұжырымдары мен қағидалары көрініс тапқан поэтикалық мәтін метамәтін сипатында қабылданды. Метапоэтика өрісінде ақынның байқаулары мен пайымдаулары метамәтін сырын тану мен таразылаудағы маңызды амалдар қызметін атқарады.

Сөз сарасындағы келісімнің сылдырлап жарасуының басты шарттарының бірі – сөз арасының тазалығы. Сөз таза болғанда, сөз бен сөздің арасы таза болғанда ғана тас бұлақтың суындай сылдырлаған келісімге жетуге болады. Сөздің, сөз бен сөз арасының таза болуы ондағы мәннің, мазмұнның ешбір қоспасыз, табиғи асыл қалпында ашылуымен тығыз байланысты. Мағынасы таяз, маңызы болымсыз, мәні жоқ сөзге өлеңде, сөз сарасында орын да жоқ.

Сара сөздің сипатын танытатын атаулардың мазмұны мен мағынасында жақындық барына қарамастан, ақын олардың әрқайсысын өзіне тән мағынасы бар дара ұғымды білдіретін поэтикалық бірлік ретінде қолданады. Келісім – осындай құрамдас поэтикалық бірліктердің белгілі бір көркемдік-эстетикалық



қасиетті ашудағы өзара бірлескен, бірдей үндескен, бірдей жарасқан қызметінің нәтижесі. Ұнасым, жарасым – әр сөздің басқа сөзбен қатар келгенде бар ажарын ашып нұрлануы, сөйтіп, басқа сөздің де сәні мен салтанатын арттыруы.

Ақынның қағидаларынан өлеңнің айрықша асық қасиетінің бірнеше сипаты көрсетіледі:

- *сөзі тәтті;*
- *мағынасы түзу;*
- *қуатты ойдан бас құрайды;*
- *еркеленіп шығады;*
- *тілге жеңіл;*
- *жүрекке жылы;*
- *айналасы теп-тегіс жұмыр;*
- *ұнасымды;*
- *жарасымды;*
- *іші – алтын;*
- *сырты – күміс.*

Келісімге бұлардың әрқайсысының қосатын өз үлесі бар. Оларды жинақтап, бірбүтін анықтама, біртұтас тұжырым ретінде түзіп шыққанда, Абайдың келісім концепциясының, Абай концепциясындағы келісімнің сипаттамасы нақтылана түседі. Мысалы, мына түзілімге назар аударайық: Тас бұлақтың суындай сылдырлаған өңкей келісім дегеніміз – іші алтын, сырты күміс өлеңнің сөзі тәтті, мағынасы түзу, тілге жеңіл, жүрекке жылы, айналасы жұп-жұмыр, уәзінге өлшеп тізілгендей ұнасымды әрі жарасымды келіп, қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп шығуы. Осы сипаттаманың екінші үлгісі: Іші алтын, сырты күміс өлеңнің сөзі тәтті, мағынасы түзу, тілге жеңіл, жүрекке жылы, айналасы жұп-жұмыр, уәзінге өлшеп тізілгендей ұнасымды, жарасымды келіп, қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп шығуы – Абай концепциясындағы тас бұлақтың суындай сылдырлаған келісімнің көрінісі. Үшінші үлгісі: Іші алтын, сырты күміс өлеңнің сөзі тәтті, мағынасы түзу, тілге жеңіл, жүрекке жылы, айналасы жұп-жұмыр, уәзінге өлшеп тізілгендей ұнасымды, жарасымды келіп, қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп шығуы өлеңдегі, тіл өнеріндегі тас бұлақтың суындай сылдырлаған келісім деп аталады.



Өлеңдегі тілдік бірліктер өз алдына жеке тұрып тек өзіне ғана тән мағынаны білдіреді. Сөз жеке тұрып ұнасымды не ұнасымсыз, жарасымды не жарасымсыз, келісті не келіссіз бола алмайды. Абай концепциясы бойынша, өлең сөзінің келісті немесе келіссіз болуы оның басқа сөздерге қатысы, басқа сөздермен қатынасы жүйесінде ғана анықталады. Тиісті бірліктердің өлеңнің өн бойында бірлесіп, өзара жарасуының, бір-бірінің мағынасын байытып, сәулетін асырған көркемдік-эстетикалық қызметінің өлшемді, мөлшерлі жүйесі сылдырлаған өңкей келісімге негіз болады.

Абайдың концепциясында сөздің, тілдік бірліктердің ұнасымы мен жарасымының, сылдырлаған келісімнің маңызы зор. Өлеңнің суреттеу, бейнелеу құралы сөз екені түсінікті. Сөз – Абайдың келісім концепциясындағы негізгі бірлік. Бірақ осындағы сылдырлаған келісімді түзуші факторлар тек тілдің құрылымдық бірліктерінен (фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік т.б.) ғана құралмайды. Өлеңдегі сылдырлаған өңкей келісімнің жүйесінде тілдік бірліктерден тыс құбылыстардың көркемдік-эстетикалық қызметі де маңызды. Мысалы, өлең композициясы – өз алдына бірбүтін мағыналық-құрылымдық құбылыс. Оның өзіне тән ерекшелігі мағыналық-құрылымдық бірліктердің симметриясына байланысты анықталады. Тілдік бірліктерсіз ұйқас пен ырғақ болмайды, бірақ ұйқас пен ырғақты тілдік бірліктер түзбейді, тілдік бірліктердің өлшемді, мөлшерлі, жүйелі қайталануынан туатын симметрия түзеді. Өлеңдегі стиль, автордың ақындық даралығы, мәнері мен машығы жайында да осыны айту орынды.

Өлең жүйесіндегі эмоциялық реңктердің, композициялық бірліктердің, суреттің, бейненің әрқайсысының және өзара қатынасының негізінде туатын көп қырлы, терең сырлы келісім өлең сөздің келісті күйімен жарасым тауып, сылдырлаған бірөңкей келісімнің сәулетін аша түседі. Өлең сөздің сылдырлаған өңкей келісінде тілдік және тілдік емес факторлардың өзара үндесіп, үйлесіп атқаратын қызметінің мәні мен мәнісі айрықша зор.

Абай «сылдырлаған келісім» деп сипаттаған айрықша көркемдік-эстетикалық қасиетті түзуші осы құрамдас бірліктердің



әрқайсысы білдіретін ұғымның жарық шашқан сәулетіне қарама-қарсы ұғым да өзінен-өзі анықталып тұрады. Олардың бір-біріне қарама-қарсы мағыналық жұбы мынадай болып шығады: сөзі тәтті – сөзі ащы; мағынасы түзу – мағынасы кисық; қуатты ойдан бас құрайды – қуатты ойдан бас құрамайды; еркеленіп шығады – еркеленіп шықпайды (зорланып шығады); тілге жеңіл – тілге ауыр; жүрекке жылы – жүрекке суық; айналасы теп-тегіс жұмыр – айналасы теп-тегіс жұмыр емес (кедір-бұдыр); ұнасымды – ұнасымсыз; жарасымды – жарасымсыз.

Қарама-қарсы мағынадағы жұп ұғымдардың жағымдысынан жағымды, жайлы эмоциялық әсер туады, сонымен қатар жұп ұғымдардың жағымдысынан көңілді жайлы эмоциялық әсер баурағанда, оған қарама-қарсы мағынадағы ұғымнан туатын әсердің сипаты да бір бүйірде өзінен-өзі көлбеңдеп тұрады. Соның нәтижесінде жағымды қасиеттен туған жағымды әсер күшейіп, анық, айқын ажарымен ашылады.

«Келісім», «ұнасым», «жарасым» ұғымдарының мазмұнын, мағынасын, мәнін негізге ала отырып, Абайдың ақындық өнер туралы эстетикалық қағидаларының тұтасқан тобын Абай ілімі өзегіндегі келісім концепциясы деп жинақтап айтуды дұрыс көрдік. Соған орай мынадай анықтама ұсындық: Абай ілімі өзегіндегі келісім концепциясы дегеніміз – Абайдың ақындық, ақындық өнер табиғаты туралы әлеуметтік, эстетикалық қағидаларының бірбүтін жүйесі. Қысқаша атауы: Абайдың келісім концепциясы.

Келісім – қазақ сөз өнеріне, қазақ сөз өнері туралы білім мен ғылым қорына Абай енгізген термин. Әдебиеттанудың ғылыми ұғымдар атаулары туралы анықтамалар қорында келісім туралы мәліметтер болмағанына қарамастан, ол жалпы мәдени сипаттағы өзекті ұғымды білдіреді. Оның түпкі мағынасы қазақ тіліндегі келісті атауы беретін ұғыммен шектес. Келісті сөзі белгілі бір зат, нәрсе, құбылыс болмысының басқа зат, басқа нәрсе, басқа құбылыс шегіндегі сәні мен мәнінің мінсіз жарасқан қалпын сипаттайды.

Өлең сөздің сыртқы түрі мен ішкі сырының келісімі, мазмұны мен пішінінің жарасымы Абайдың келісім концепциясында теориялық мәні зор қағидалардың қатарынан орын алады [1, 154].



Мазмұн мен пішін – өнер туындысының, әдеби шығарманың басты екі құрамдасы. Бұлардың әрқайсысы іштей бірнеше құрамдастардан тұрады. Абайдың «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысы» [1, 90] туралы қағидасы сөз сарасының ішкі мазмұны мен сыртқы пішіні туралы қазіргі теориялық ұғымдармен мәндес. Сонда, Абайдың қағидасы бойынша, мазмұны алтындай ардақты, пішіні күмістей салмақты көркемдік құбылыс құрамдастарының өңкей келісіммен жарасуы – өлең өнерінің, өлең сөздің айрықша асыл қасиетінің негізі.

Мазмұн мен пішін – бірі ішкі қасиеттің, екіншісі сыртқы сипаттың мәнісін білдіреді. Іш пен тыс, мазмұн мен пішін ақынның танымында өзара мәндес. Іш пен тыс өзара қарама-қарсы мәндегі екі ұғымның бірлігінен, өзара келісімінен өріледі.

Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін [1, 219], *Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей* [1, 126] сияқты қағидаларда іш пен тыстың, яғни мазмұн мен пішіннің өзара қарым-қатысы терең ашылған. Ақынның қағидалары қисынды, ойлары негізді, пікірлері дәлелді. Мазмұн мен пішін әдеби шығарманың негізгі құрамдастары. Мазмұнның өз құрамдастары, пішіннің өз құрамдастары болғанда, олардың әрқайсысының және өзара келісімінің жүйесі бар.

Абай:

Келдік талай жерге енді,
Кіруге-ақ калдық көрге енді.
Қызыл тілім буынсыз,
Сөзімде жаз бар шыбынсыз,
Тыңдаушымды ұғымсыз
Қылып тәнірім берген-ді [1, 150], –

дейді. Берілген үзіндіде тыңдаушының белгілі бір кезде белгілі бір кеңістікте қалыптасқан ахуалы сипатталған. Онда бірнеше құрамдас құбылыстар тобы көрініс тапқан: а) сөз; ә) сөз иесі; б) тыңдаушы. Бұлардың әрқайсысының ерекше сипаты бар: а) сөзде шыбынсыз жаз бар, қызыл тіл буынсыз; ә) сөз иесі талай жерге келген, көрге кіруге таяу; б) тыңдаушы ұғымсыз.

256 Алғашқы топтағы сипаттар құбылыстың, суреттеу нысанының



бір тарапына тән мінсіз қасиеттерді көрсетеді. Олар – сөз иесінің өнеріне, өнерге, сөз өнеріне тән айрықша сапалық құндылықтар. Сөз иесінің көздеген мақсаты – осы айрықша сапалық құндылықтарды тыңдаушылардың түсінуі, бағасын білуі және өзі мен өзгелердің игілігіне пайдалануы, содан өмірлік мәні бар құт-береке табуы. Екіншіден, сөз иесінің көздеген мақсатына жетуіне қажетті уақыты шектеулі, аяқталуға таяу. Үшіншіден, сөз иесінің тыңдаушылары – ұғымсыз. Үш тараптың басты қасиеттерінің мәндері арасында қарама-қарсы реңктер бар.

«Сөзімде жаз бар шыбынсыз» деген бір ауыз сөз – ақынның көркемдік әлемінің көркін ашатын келісті сурет. Ақынның сөзінде шыбынсыз жаздың болуы туралы ұғым бүгінгі оқушылардың көбіне түсінікті емес. Оны түсіну үшін «шыбынсыз жаз» ұғымының мән-жайын білуге тура келеді. Ол үшін қазақтың дәстүрлі тұрмыс-тіршілігін, кәсібін зерделеу шарт. Ондай тереңге екінші бірі бара алмайды.

Жаздың шыбынсыз болуы – сирек кездесетін құбылыс. Жаз ыстық болғанда, шыбын да көп болады. Шыбын көп болған жазда мал алаңсыз жайыла алмайды, қаптаған шыбыннан, бөгелектен қорғану үшін жылқы ұдайы бас шұлғып, бауырын тебініп, құйрығымен қағып мазасызданады, шыбын-шіркейлер үй ішіндегі бала-шаға мен ересектердің де мазасын алады. Абай бейнесін жасаған болыстың өзінен зорларға «бас изеймін шыбындап» дегені де осындай көрініске негізделген. Қоңыр салқын болып, самал есіп тұрған жаз шыбынсыз, малға да, жанға да жайлы болады. Қоңыр салқын болып, самал есіп тұрған, шыбынсыз, малға да, жанға да жайлы жазды ақын «шыбынсыз жаз» деп атайды, айтқан сөзінің жанға жайлы, жүрекке жылы, тірлікте пайдалы, құт беретұғын жайын табиғаттың осындай жанға рақат, жайсаң қалпымен шендестіреді. Абайдың өз тұсындағы оқушылары мен тыңдаушылары «шыбынсыз жаздың» жайын білгенмен, ақынның шыбынсыз жаз бар сөзінің қадіріне жетпеді, оның мәні мен мәнісіне терең бойлай алмады. Бодандық ноктасынан басын босата алмай, дүниеге бой алдырып, дүние үшін, пайда үшін бір-бірімен алысып-тартысып, сапырылысып, арпалысып жүрген көптің сөз тыңдарлық, сөз ұғарлық халі жоқ еді.



Абайдың келісім концепциясында маңызды қызмет атқаратын қағидалардың бір жүйесі өнер туындысының, сөз өнерінің, тіл өнерінің функционалдық қуаты жайында.

Ақынның «Сегіз аяқ» өлеңінде зор ақындық қуатпен сипатталған құбылыстардың бірі – қызыл тілдің функционалдық қуаты. Автордың пайымдауында, қызыл тіл:

Білгенге – маржан,

Білмеске – арзан [1, 117].

Халық «Өнер алды – қызыл тіл», «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» дейді. Халық даналығында қапы жоқ. Өнер алды қызыл тіл екені, тілдің тас жаратыны, тас жармаса, бас жаратыны туралы ойлардың тереңінде халықтың өмірлік тәжірибе негізінде қалыптасқан даналық танымы, тіршілік философиясы бар. Ақынның: «Толғауы тоқсан қызыл тіл», – деп отырғаны – осындай тіл, тіл өнері. Өлеңде тіл өнерінің ерекше қасиеттері нақты іс-қимыл, әрекет түрінде бейнелі көрініс тапқан:

- алыстан сермейді;
- жүректен тербейді;
- шымырлап бойға жайылады;
- қиудан шабады;
- қисынын табады;
- тағыны жетіп қайырады, т.б.

Енді бір өлеңінде сөз өнерінің қасиеттерін ақын мына үлгіде сипаттайды:

Қуаты оттай бұркырап,

Уәзінге¹⁰ өлшеп тізілген.

Жанбырлы жайдай сырқырап,

Көк бұлттан үзілген.

Қайран тіл, қайран сөз... [1, 278].

Берілген бес тармақтың алдыңғы төртеуінің әрқайсысы өлең сөзге тән бір-бір дара қасиетті білдіреді:



- қуаты оттай бұрқырайды;
- уәзінге өлшеп тізілген;
- көк бұлттан үзілген жаңбырлы жайдай, т.б.

Тіл өнерінің қуатына қатысты айтылған осы ұғымдар метафоралық қолданыстағы сөздердің тереңдегі мағынасы нәтижесінде көңілге елес, сурет бейнесінде түседі. Әр елес, әр сурет біртұтас құбылыстың, үдерістің образын аңғартады. Сол образ көңілге анық сипатымен қонғанда, акынның тіл өнерінің қуатына қатысты айтып отырған әр сөзінің мәні өзінің теңіздей тебіренген ақындық танымының таудай толқынынан ұшқан таңғажайып тамшыдай сырлы қалпымен ашылады.

Сөз өнерінің, әдебиеттің көркемдік әлемін тану үлкен ізденісті талап етеді. Ал акынның көркемдік әлемін зерттеудің ғылыми негізін жасау үшін іргелі ізденіс қана емес, тиянақты білім мен үлкен еңбек қажет. Бұл бағытта әл-Фарабиден Абайға дейін жалғасып жатқан қағидалар қоры бар. Әл-Фараби көркем шығарманың оқушысына әсерін сипаттай отырып, көркемдік әдіс ұстанымдары деңгейінде бірнеше қағида негіздейді. Ол қағидалар бойынша, оқушы жұрт әдеби шығарманың көркемдік әлеміне енгенде, мынадай күйлерді бастан кешуі шарт:

а) біріншіден, ақылға қонымды қуат-күшін жақсартып, өзінің әрекеттерімен де, ойларымен де жақсылыққа асық болуға, жамандықтан қашық болуға құлшынуы ләзім;

ә) екіншіден, күшке, күш көрсетуге ұласатын жан аффектілерін (ашу, тәкаппарлық, қаталдық, арсыздық, күншілдік, атаққұмарлық, мансапқорлық, дүниеқорлық, т.б.) бәсеңдетуге, басуға және оларды жамандық істерде емес, жақсы істерде пайдалануға бағыттауы керек;

б) үшіншіден, құмарлық, азғындық, қорқақтық, уайымшылық, ұялшақтық, көнгіштік, көнбістік, жігерсіздік, салғырттық, еріншектік және басқа осындай босандық пен жұмсақтыққа ұқсайтын жан аффектілерін жақсартуға, шектен асырмауға, игілікті істерге пайдалануға лайықты етіп өзгертуге талпынуы қажет [4, 233-234].

Айтылған қағидаларды жинақтағанда, мынадай ой қорытылып шығады: оқушы жұрт әдеби шығарманың, суреткердің



көркемдік әлеміне енгенде, Абай насихат еткендей, ақыл, қайрат, жүрегін бірдей ұстауға, бес жаман істен – өгірік, өсек, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ – қашық болуға, бес асыл іске – талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым – асық болуға талпынуы, сөйтіп, өмірлік мәні анық үлгі алуы шарт.

Абайдың сөз өнеріне қатысты айтылған эстетикалық ойларының жүйесі әдеби шығарманың, әдеби шығармашылықтың, шығармашылық тұлғаның көркемдік әлемі туралы баянды қағидалардың өзіндік бір саласын құрайды.

Абайдың өлең сөздің тілге жеңіл, жүрекке жылы [1, 89] тиюі, өлеңнің сөзі тәтті, мағынасы түзу [1, 94] келуі туралы қағидалары мазмұн мен пішін жайында: алғашқы ұғымдар өлең сөздің сыртқы сипатын (*тілге жеңіл; сөзі тәтті*) аңғартқанда, кейінгі ұғымдар мазмұнға тән қасиетті (жүрекке жылы; мағынасы түзу) білдіреді. «Айналасы теп-тегіс, жұмыр» [1, 89] келуінің негізінде өлең сөздің келісімін түзетін көркемдік бейнелеу құралдардың өзара жарасымдылығы туралы қағида жатқанын аңғару қиын емес.

Өлең өнеріндегі сөздің қасиетін тану мен бағалаудың негізі Абайдың қағидаларында танымдық, көркемдік, эстетикалық мәнімен ерекшеленеді. Екінші жағынан, ақын сөздің патшасы, сөздің сарасы өлең екені туралы ойын негіздегенде, сөз сарасы ұғымын өнер ұғымы деңгейіне көтеріп саралайды.

Сөз өнері туындысының мазмұны мен пішінінің келісімі дегенде, олардың өзара тепе-теңдігі туралы ұғым тумауға тиісті. Мазмұн мен пішінді өзара бір-біріне қарама-қарсы мәндегі құбылыстар түрінде қабылдауға, олардың келісімі қарама-қарсылықтардың өзара жарастығынан туады деп түсінуге болмайды. Қарама-қарсылық мазмұн мен пішіннің әрқайсысына тән мән мен мәністің қарама-қайшылығынан тумайды. Абай іш пен тыс туралы айтқанда, іштің де, сырттың да мәні мен мәнісінің құндылығын жоғары бағалайды, жоғары болуын талап етеді. Іш пен тыс бір құбылыстың екі қыры сияқты бірінсіз бірі болмайтын, бірінің кемістігі екіншісінің кемелдігін асырмайтын, екеуі де мінсіз, бірінің кемелдігі екіншісінің кемелдігіне лайықты болғанда ғана бірбүтін құбылыстың келісті қасиетіне айналатынын аңғар-



тады. Эстетикадағы сылдырлаған бірөңкей келісімнің қарама-қарсылықтардың өзара жарастығынан туатыны туралы ұғымның мәнісін осы арнадан іздеу дұрыс: бірбүтін құбылыстың оңы мен солы, іші мен тысы сырттан қараған көзге өзара қарама-қарсы сипатта көрінетіні рас. Оң қол мен сол қол дегенде де осындай сипат бары аңғарылады. Бірақ мұндағы қарама-қарсы мағына қол ұғымына қатысты емес, оң мен сол ұғымдарына қатысты. Мұндай қатынастағы қарама-қарсылық – бірбүтін құбылыстың кемел үлгідегі құрамдастарының келістілігінің басты шарты.

Мазмұн мен пішіннің келісіміне қарама-қарсылықтардың жарасымы түрінде қарау орынсыз. Абай сөз өнері туындысының мазмұны мен пішіні жайындағы қағидаларын негіздей отырып, өзгеше өзекті ой желісін ұсынады. Ол – өнер туындысының пішінінен мазмұнының мәні басым екендігі туралы қағида. «Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін» [1, 219]. «Іші алтын, сырты күміс сөз жаксысы» [1, 90], «Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей» [1, 126], – деген қағидалары туралы жоғарыда мазмұн мен пішіннің бірлігіне қатысты айтылды. Ақынның: «Сыртқа қасиет бітпейді, Алла Тағала қарайтұғын қалыбына, боямасыз ықыласыңа қасиет бітеді» [3, 206], – деген тұжырымында да терең сыр бар. Ондағы айтпағымыз – мазмұнның пішіннен басымдығы. Ақынның келісім концепциясында өнер туындысы мазмұнының пішіннен басымдығы арнайы көрсетіледі. Мазмұнның мәнді болуы мен пішіннің сол мазмұнға сай болуы – терең теориялық пайымдау нысаны боларлық іргелі мәселе. Өлеңнің іші алтын болғанда, сыртының күміс болуының өзінде келісім заңдылығы бар. Іші алтын өлеңнің сырты да алтын болсын деуге қисын жоқ. Пішіннің мінсіз болмысы іші алтын мазмұнға сай күмістей жарқырауында. Іш пен тыс, мазмұн мен пішін туралы осы ойлар Абайдың келісім концепциясында маңызы мен мәнін жоғалтпаған, әлсіретпеген іргелі қағидалар жүйесін түзеді.

Абайдың келісім концепциясында сөз өнері туындысын эстетикалық қабылдаудағы ақыл мен жүректің атқаратын қызметі көрсетілген.



Ақылмен ойлап білген сөз,
Бойыңа жұқпас, сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз
Бар тамырды қуалар [1, 278], –

дейді Абай. Ақынның айтып отырған сөзі – өлең сөз, өнер туындысы. Оны қабылдауда, білуде, түсінуде ақылдың қызметі зор. Алайда ақылмен ойлап білген сөз бен жүреппен сезіп білген сөздің нәтижелілігі әр басқа. Алғашқы жағдайда білген сөздің мәнісі бойға жұқпай сырғанап, есте сақталмай ғайып болады. Кейінгі жағдайда олай емес: ынталы жүрек сезген сөз бар тамырды қуалап, шымырлап бойға жайылады.

Ахмет Байтұрсынұлы көркем сөзде екі тысқы, екі ішкі сын болатынын көрсетті.

«Тысқы сындар:

1) тілінің, лұғатының сыны яғни тілінің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнекілігі, әуезділігі, өрнектілігі жағының сыны;

2) сүгіретінің сыны: яғни кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп суреттеуінің сыны.

Ішкі сындар:

1) алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып, жан жүйесінің жөнімен карағанда, дұрыс, бүтін шығу, шықпауының сыны;

2) өмір жүзінде айтылған нәрсесінің болатындығының себебін дұрыс көрсеткен, көрсетпегенінің, адам қауымындағы қалып түзелу жағына әсер етерлік (пайда-зиян келтірерлік) қуаты бар-жоғының сыны. Көркем сөзді сынағанда, әдебиет түрінің осы төртеуі түгел жұмсалады» [5, 257].

А. Байтұрсынұлының көркем сөздегі екі тысқы сын мен екі ішкі сын туралы ойлары – ғылыми дәйегі тиянақты, логикалық жүйесі берік және Абайдың келісім концепциясы негізінде тұжырымдалған аса маңызды теориялық тұжырым.

Өлең шығару ғылыми зерттеу, ғылыми қағида негіздеу емес. Абайдың сөзі – өлең сөз. Сөйте тұра онда өнерге тән бейнелілік пен ғылымға тән логикалық дәйектілік ұнамды жарасып тұр. Автордың сөзі ақыл мен сезімге қатар әсер етеді. Абайдың



келісім концепциясында мазмұн мен пішін, іш пен тыс, сөз бен мағына, үн мен саз, ақыл мен сезім қатынасындағы жарасым мен ұнасымның сыры мен сыны сан түрлі және келісті.

Абай: «Құдай Тағала дүниені кәмәлатты шеберлікпен жаратқан» [2, 206], – дейді. «Кәмәлатты шеберлікпен жарату» ұғымы ақынның келісім концепциясымен үндеседі. Келісім – кәмәлатты шеберлікпен жарату нәтижесі. Кәмәлатты шеберлікпен жаратылған дүние – кәмәлатты келісімнің көрінісі. Дүние болмысын осындай келісім жүйесінде пайымдаған ақын адам жаратылысындағы кәмәлатты келісімді де терең таниды. Адамның шығармашылық еңбегіне тән келісімді де қапысыз сараптайды.

Абай қазақ өнеріндегі келісім жүйесін өнер мен ғылым тоғысында саралап, эстетикалық маңызы мен мәні айрықша зор қағидалар жүйесін қалыптастырды.

Абайдың сөз өнері, өлең сөздің қасиеті, ақындық өнер, тіл өнері саласында негіздеген қисындары мен қағидалары қазақ әдебиеттану ғылымының, әдебиет теориясының кейінгі дамуына, әдеби-теориялық танымның баюына зор ықпал етті.

Абайдың келісім концепциясы эстетикалық, әлеуметтік-этикалық, философиялық мәнінің тереңдігімен бағалы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Өлеңдер мен поэмалар / Жалпы редакциясын басқарған Ы. Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері (Әдебиет теориясының негіздері). Өңделіп, толықтырылған екінші басылым. – Алматы: Мектеп, 1976. – 376 б.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. Аудармалар мен қара сөздер / Жалпы редакциясын басқарған Ы. Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 312 б.
4. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар / Қазақшаға аударғандар: Қ. Сағындықов, М. Жанғалин, И. Ишмұхаммедов. Аударманың ғылыми редакциясын жасаған А. Тұрғынбаев. Жауапты редакторы А.Х. Қасымжанов. – Алматы: Ғылым, 1975. – 455 б.
5. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. I том / Құрастырып, баспаға дайындағандар: А.С. Ісімакова, Г.Ж. Пірәлі, С.Б. Сәkenов, К. Мұстафаева; жауапты ред. А.С. Ісімакова – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.